

Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 қазан N 1225. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті

туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі кейбір шешімдерінің қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 3 қазандағы
N 1225 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Су ресурстары
жөніндегі комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті (Қазақстан Республикасының Суресурскомы) Үкімет құрамына кірмейтін, Қазақстан Республикасының аумағында су ресурстарын пайдалану мен қорғауды басқару және бақылау жөніндегі орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті

(бұдан әрі - Комитет) өз құрамына кіретін республикалық, облыстық, қалалық және аудандық бөлімшелермен бірлесе отырып (осы Ережеге қосымшаға сәйкес) Қазақстан Республикасының аумағында су ресурстарын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік басқару және бақылаудың бірыңғай жүйесін құрайды.

3. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Міндеттері мен функциялары

4. Комитеттің негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының аумағында су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеуді жүзеге асыру;

экологиялық талаптарды ескере отырып суға халық пен экономика салаларының қажеттілігін, оның кешенді пайдаланылуын, су қорының сақталуы мен суды ластаудан, сор тартудан және сарқылудан қорғауды, өзендер, көлдер мен су қоймаларының жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге орталық атқарушы органдардың су шаруашылық қызметтерін жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен өзара іс-қимылда үйлестіру;

шекаралық су бассейндері мен мемлекетаралық су өткізу жүйелерінің су ресурстарын бірлесіп пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша іргелес мемлекеттермен ынтымақтастық жасау;

су шаруашылығын аудандастыру қағидалары мен тұрғындардың, экономика салалары және табиғи кешендердің суға қажеттілігіне сәйкес аумақтар мен өзендер бассейндерінде су ресурстарын пайдалану мен қорғаудың негізгі бағыттарын әзірлеу;

суды пайдалану және қорғауды реттеу саласында ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты жүзеге асыру;

су ресурстарын пайдаланудың экономикалық механизмін жетілдіру;

су ресурстарының қалыптасуына және бөлуге ықпал ететін су шаруашылығы объектілері мен кешенді мақсаттағы су құбырларын, сондай-ақ су көздерінде орналасқан гидротехникалық құрылғыларды пайдалану жұмыстарын жүзеге асыру болып табылады.

5. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

Республиканың су шаруашылығы мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар дайындауды және тұрғындар мен экономика салаларын сумен қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми негізделген мақсатты кешенді бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады;

Республиканың өзендер бассейндері мен аумағының су шаруашылығы учаскелерінде су ресурстарын аймақаралық және облысаралық бөлуді және қайта бөлуді, су алу мен су тұтыну шегін анықтауды қоса отырып, су ресурстарын реттеуді және бөлуді жүзеге асырады;

табиғат қорғау органдарымен келісе отырып жер беті су көздерін арнайы су пайдалануға рұқсаттар және жер асты су көздерінен арнайы су пайдалануға берілетін рұқсаттарға келісім береді;

кұрылыстар салу, кәсіпорындар мен объектілерді қайта жаңғырту, кәсіпорындарды, ғимараттарды орналастыру жобаларына келісім бергенде су пайдаланудың барлық түрлеріне техникалық шарттарды беруді ұйымдастырады;

су тұтынуды мөлшерлеу үшін ережелер мен стандарттарды әзірлейді және б е к і т е д і ;

су қорларын тиімді пайдалануға, су көздерінің сақталуы мен жай-күйін жақсарту үшін мемлекеттік бақылауды және су қорғау жөніндегі инспекторлық қ ы з м е т т і ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

техникалық шарттардың, белгіленген су тұтыну шегінің сақталуына, жер үсті су объектілеріне сарқынды су төгуге, жер үсті сулары сапасына жедел бақылау ұйымдастырады, сондай-ақ экологиялық қолайсыз объектілер бойынша жер беті суларынан арнайы су пайдаланудың бұрын берілген рұқсатын, олардың күшіне қ а р а м а с т а н , қ а й т а қ а р а й д ы ;

салааралық және кешенді мақсаттағы су шаруашылығы объектілерінің жұмыс тәртібін диспетчерлік және жедел түрде реттеуді жүзеге асырады;

су қоймаларын, кешенді мақсаттағы магистральды су құбырларын, мемлекетаралық, салааралық және облысаралық, ауданаралық және шаруашылықаралық мақсаттағы каналдарды, су бөгендерін, гидротораптарды, арна реттеу, жаға бекіту ғимараттарын, қорғау бөгеттері мен тікелей су көздерінде орналасқан басқа да объектілерді тиімді пайдалануды жүзеге асырады ;

су шаруашылығы объектілері мен құрылғыларын пайдаланудың техникалық деңгейін көтеру жөнінде жұмыстар жүргізеді;

су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемасын әзірлеуге, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуге, салааралық, облысаралық, аумақаралық және шаруашылықаралық мақсаттағы су шаруашылығы объектілерін салуға, қала және қала түріндегі елді мекендердің аумақтарынан

тысқары жерлерде, көлдерде, су қорғау аймақтарында жағалауды бекіту және басқа жұмыстарды, су қоймаларын көркейтуді орындауға тапсырыс беру функциясын атқарады;

су объектілері мен су шаруашылығы жүйелерінде ведомстволық гидрометриялық жүйелерді және гидротехникалық құрылғыларды метрологиялық қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырады;

жер қойнауын қорғау және гидрометрология органдарымен бірлесіп суды мемлекеттік есепке алуды және мемлекеттік су кадастрын жүргізуді жүзеге асырады;

суды пайдалану жоспарларының жиынтығын даярлауды, сондай-ақ өзен бассейндері, экономикалық және өндіріс аудандары мен облыстары үшін қысқа мерзімді және болашақ су шаруашылық балансын жасауды қамтамасыз етеді;

ұйымдардың, су ресурстарын тиімді пайдалану және су көздерін ластауға, былғауға және сарқылуға жол бермеу бөлігіндегі олардың су шаруашылық және су қорғау қызметін үйлестіреді;

су қорғау шараларының орындалуын және су пайдалануды алғашқы есепке алу талаптарының сақталуына басшылық жасайды және бақылау жүргізеді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша шекаралық суларды бірлесіп пайдалану мен қорғау жөніндегі жақты көп жақты келіссөздер жүргізеді және шарт жасасады;

су қоймаларының, өзендердің, көлдердің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің жай-күйін сақтау және жақсарту шараларын жүзеге асырады;

су объектілеріндегі табиғи апаттар мен авариялық жағдайлардың салдарын болдырмау және жою шараларын әзірлеуді ұйымдастырады;

кешенді мақсаттағы су қоймаларын пайдалану ережелерін органдардың ұсыныстарын ескере отырып бекітеді;

кешенді, салааралық және шаруашылықаралық мақсаттағы және салынған және қайта жаңғыртылған су шаруашылығы объектілерін пайдалануға қабылдауды жүзеге асырады;

объектілерді (іске қосу кешендерін) пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларының жұмыстарына қатысады;

жер бетіндегі су объектілерін және пайдалануға беру туралы қорытынды береді және жеке пайдалануға берілген су объектілеріндегі қосалқы су пайдалану шарттарына, су объектілерін заңды ұйымдардың пайдалануына беру туралы ұсыныстарға келісім береді;

су шаруашылығы объектілерінің жобаларын сараптан өткізеді, су ресурстарының жай-күйіне ықпал ететін объектілер (олардың мақсатына, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан) жобаларына, құрылыс, арна түбін тереңдету және басқа жұмыстар жүргізу

тәртібіне келісім береді;

су қоймаларын, көлдер мен өзендерді, сондай-ақ салааралық және шаруашылықаралық мақсаттағы су шаруашылығы объектілерін сақтау мен жай-күйін жақсарту жөніндегі жобалық құжаттаманы әзірлеуді ұйымдастырады;

су пайдаланудың барлық түрлеріне, су жеткізу қызметтеріне ақы төлеу тарифтерін, оларды қолдану шарттарын Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және өзге де орталық атқарушы органдарымен бірлесе отырып әзірлейді;

су заңдарын, су шаруашылығы саласындағы өзге де нормативті құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындап, ұсынады;

су ресурстарын басқару, суларды ұтымды пайдалану және қорғау мәселелері жөнінде өз құзыры шегінде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

су ресурстарының жай-күйі және пайдаланылуы туралы жыл сайын ғылыми-техникалық ақпараттар даярлайды және басып шығарады, осы туралы ақпараттарды мемлекеттік органдар мен көпшілікке ұсынады;

су үнемдеу технологияларын игеру, ауыз су даярлау, су көздерін қорғау жөніндегі ұсыныстар даярлайды;

басшы қызметкерлері мен мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

азаматтық қорғаныс және жұмылдыру даярлығы жөніндегі шараларды орындауды белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

техника қауіпсіздігі және өндірістік санитария жөніндегі ережелерді сақтау, Комитет қызметкерлерінің тұрғын үй және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бойынша шараларды жүргізеді;

III. Құқықтары мен міндеттері

6. Комитеттің мыналарға:

өз құзыры шегінде бұйрықтар шығарады, Комитет жүйесіне кіретін ұйымдар үшін міндетті, ал суларды кешенді пайдалану мен қорғауды реттеу мәселелері жөнінде министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдар, сондай-ақ заңды ұйымдар үшін міндетті болып табылатын тапсырмалар беруге және олардың орындалуын тексеруге;

заңда белгіленген тәртіппен өз қарамағындағы ұйымдарды құру, қайта құру және тарату мәселелерін шешуге;

саланы және оның жекелеген бағыттарын дамыту жөніндегі ұсыныстарды даярлау үшін жұмыс топтарын ұйымдастыруға, қажет болған жағдайда шарттық негізде ғылыми-зерттеу, жобалау-іздістіру және басқа ұйымдарды, сондай-ақ

тиісті сараптау жүргізу үшін дербес сарапшыларды жұмысқа тартуға;
су ресурстарын ұтымды пайдалануға: су көздерінің сақталуы мен жай-күйінің жақсаруына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады және жер бетіндегі су объектілерін пайдалану құқығын тоқтату жөнінде жергілікті атқарушы органдардың қарауына ұсыныстар енгізеді;

Қазақстан Республикасының министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық атқарушы органдарының су ресурстарын бөлу мен пайдалануды реттейтін нормативтік және құқықтық құжаттарының күшін, олар Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келген жағдайда, уақытша тоқтату немесе жою жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізуге;

су заңдарын бұзуға жол берген лауазымды адамдар мен азаматтарды әкімшілік, ал қажет болған жағдайда, қылмыстық жауапкершілікке тарту жөніндегі мәселені белгіленген тәртіппен енгізуге;

табиғат қорғау, жер қойнауын қорғау және гидрометеорологиялық қызмет органдарынан су объектілерінің жай-күйі, су ресурстарын пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен ақпараттар алуға және оларға осындай ақпараттар беруге құқығы бар.

ІҮ. Басшылық органдары

7. Комитетті Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын және босататын Төраға басқарады, Комитет төрағаларының орынбасарлары болады, оларды Төрағаның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

Комитетте алқа құрылады, оның құрамында Төраға және лауазымы бойынша орынбасарлары, Комитеттің басшы қызметкерлері кіреді. Алқаның адам құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Комитеттің орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлерінің санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Комитет Төрағасы:

Комитеттің және оның қарамағындағы ұйымдардың қызметіне басшылық жасайды;

Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады және Төраға орынбасарларының өзара міндеттерін бөледі;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың құрылымы мен штатын, сондай-ақ ол туралы ережелерді бекітеді.

Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін және Комитет жүйесіне кіретін, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшы қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және босатады;

Комитеттің құзырындағы жекелеген мәселелерді шешуге құрылымдық бөлімшелерге, сондай-ақ Комитет жүйесіне кіретін ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға өкілеттік береді.

9. Комитеттің алқасы республикадағы су шаруашылығын дамытудың негізгі мәселелерін, халықты және экономика салаларын сумен қамтамасыз ету, су ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды басқару әдістерін жетілдіру, қабылданған шешімдердің орындалу мәселелерін қарайды, аса маңызды бұйрықтардың жобаларын талқылайды, бөлімдердің, облыстық су ресурстары жөніндегі комитеттердің және басқа да құрылымдық бөлімшелердің қызметтері туралы есептерді тыңдайды.

Алқаның шешімдері ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға Комитет төрағасының бұйрықтары арқылы жеткізіледі.

10. Су шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары мен тұжырымдарын, ғылыми-техникалық прогресс және озат тәжірибе мәселелерін қарау үшін Комитет жанынан ғалымдардан, жоғары білікті мамандардан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдар мен басқа

ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық кеңес құрылады.

Ғылыми-техникалық кеңестің құрамын және ол туралы ережені Комитет төрағасы бекітеді.

11. Комитет заңды ұйым болып табылады, оның өз есеп айырысу шоты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі болады.

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі
комитетінің құрамына кіретін су шаруашылығы
ұйымдарының, аумақтық органдары мен объектілерінің
ТІЗБЕСІ

Арал-Сырдария бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Қызылорда қаласы

Балқаш-Алакөл бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Алматы қаласы

Ертіс бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Семей қаласы

Есіл бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Ақмола қаласы

Нұра-Сарысу бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Қарағанды қаласы

Тобыл-Торғай бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Қостанай қаласы

Орал-Каспий бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Атырау қаласы
Шу-Талас бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Жамбыл қаласы
Ақмола облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Ақмола қаласы
Ақтөбе облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Ақтөбе қаласы
Алматы облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Алматы қаласы
Атырау облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Атырау қаласы
Шығыс Қазақстан облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті,

Өскемен қаласы

Жамбыл облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Жамбыл қаласы
Жезқазған облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Жезқазған

қаласы

Батыс Қазақстан облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті,

Орал қаласы

Қарағанды облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Қарағанды қаласы

Қызылорда облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Қызылорда қаласы

Көкшетау облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Көкшетау қаласы

Қостанай облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Қостанай қаласы

Маңғыстау облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Ақтау қаласы

Павлодар облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Павлодар қаласы

Солтүстік Қазақстан облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Петропавл қаласы

Семей облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Семей қаласы
Талдықорған облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті,

Талдықорған қаласы

Торғай облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті, Арқалық қаласы
Оңтүстік Қазақстан облыстық су ресурстары жөніндегі комитеті,

Шымкент қаласы

"Союзцелинвод" тресі, Петропавл қаласы

"Спецводопроводсельстрой" жалгерлік кәсіпорны, Петропавл қаласы

"Целиноградсельхозводоснабжение" өндірістік-пайдалану бірлестігі,

Ақмола қаласы

Ертіс-Қарағанды каналын пайдалану кәсіпорны, Қарағанды қаласы
Шардара ГЭС-ы су қоймасымен, Шардара қаласы, Оңтүстік Қазақстан
облысы

Тасөткел су қоймасын пайдалану басқармасы, Жамбыл облысы, Шу
ауданы, Тасөткел селосы

"Суавтоматика" ғылым-өндірістік орталығы, Шымкент қаласы
Әкімшілік үйі, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 118 үй
Жатақхана, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 142 үй.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 3 қазандағы
N 1225 қаулысымен
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің
ТІЗБЕСІ

1. "Қазақстан Республикасының су ресурстары жөніндегі мемлекеттік
комитеті және оның ұйымдық құрылымы туралы" Қазақ КСР Министрлер
Кабинетінің 1991 жылғы 25 қаңтардағы N 62 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік
комитеті туралы Ережені бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің
1991 жылғы 20 маусымдағы N 388 қаулысы (Қазақстан Республикасының
ПҰАЖ-ы, 1991 ж., N 16, 99-бап).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің су заңдары мәселелері жөніндегі
кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылған деп тану туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 мамырдағы N
473 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 21, 473-бап)
бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің су заңдары мәселелері жөніндегі
шешімдеріне енгізілген өзгерістердің 15, 17-тармақтары.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәулет-қала құрылысы
құжаттамаларын сараптау мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгерістер
енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8
желтоқсандағы N 1395 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы,
1994 ж., N 46, 517-бап) бекітілген объектілер мен кешендерді салудың,

кеңейтудің, қайта жаңғыртудың, техникалық қайта жарақтандыру мен күрделі жөндеудің сәулет-қала құрылысы құжаттамаларын сараптау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістердің
1 - т а р м а ғ ы .

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-бап) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.